

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 926 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1298 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 926 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 24, 217-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, зейнетақылардың, жәрдемақылар мен өзге де төлемдердің орталықтандырылған, дербестендірілген есебін жүргізу ;

зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мен өзге де төлемдерді алушылардың орталықтандырылған дерек қорын қалыптастыру ;

зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды, бала туғанда берілетін және балалы отбасыларға берілетін бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға берілетін мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыларды, жерлеуге берілетін жәрдемақылар мен оларды жүзеге асыру заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдермен Кәсіпорынға жүктелген өзге де төлемдерді уақтылы төлеу болып белгіленсін."

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*